

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 300, 311, 387 баптарының бұзылғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін ережелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2004 жылғы 26 ақпандағы N 2 шешімі. Ақтөбе облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 24 наурызда N 2627 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 шілдедегі № 96 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2009.07.22 № 96 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы мен Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудан аумағында Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 300, 311, 387 баптарының бұзылғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін қоса беріліп отырған белгіленген Ережелері бекітілсін.

<i>Аудандық мәслихаттың</i>		<i>Аудандық мәслихат</i>	
<i>7 сессиясының төрағасы</i>	<i>хатшысы</i>		
А у д а н д ы қ	м ә с л и х а т т ы ң		
2 0 0 4	ж ы л ғ ы	2 6	а қ п а н д а ғ ы
7-с е с с и я с ы н ы ң	N	2	ш е ш і м і м е н
бекітілген			

Бұзылғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3 бабына сәйкес осы ережелер аталған кодекстің 300, 311, 387 баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі азаматтардың жауаптылығын белгілейді.

1. Жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау саласындағы жауаптылық

1. Елді мекендердің шегінде, көшелерде, гүлзарларда, алаңдарда, аулаларда өсіп тұрған жасыл желектерді (ағаштарды, гүлдерді, екпе шөптерді) сындыру, үзіп-жұлу, таптау, малға жегізу, өртеу сияқты қасақана әрекеттер жасау;
2. Жасыл желектердің қоршауын, суару қондырғыларын, құбырларын алып кету, істен шығарып бүлдіру, жарақсыздыққа келтіру;
3. Жасыл желектер аумағына күл қоқыстар, тұрмыстық қалдықтар төгу;

2. Иттерді және мысықтарды күтіп ұстау жөніндегі жауаптылық

4. Т ө л қ ұ ж а т а л м а у ;
5. Әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы мал дәрігерлік бақылаудан өткізбеу;
6. Әр түрлі ауруларға қарсы егуден, дәрілеуден жалтару;
7. Бақылаусыз, байлаудан босатып жіберу;
8. Адам өміріне қауіп төндіру, денсаулығына зиян келтіру;

3. Елді мекендердің аумақтарын көріктендіру және инфрақұрылым объектілерін бұзу жөніндегі жауаптылық

9. Белгіленбеген жерлерде күл-қоқыстар, тұрмыстық қалдықтар төгу;
10. Көше бойларына қалдық, лас сулар төгу;
11. Базар, дүкен, кеңсе ғимараттарының алдын жарақтандырмау;
12. Көше жарықтарын бүлдіру, сындыру;
13. Көше асфальты мен жолдарын зақымдану (техникамен ауыр сүйреткі заттар сүйрету, арықтарын қазу);
14. Су жағалауларын ластауға жол беру; (күл қоқыстар, қалдық заттар төгу, м а л и і р у т . б .)
15. Тұрғын үйлерді» көше беттеріне түрлі темір терсек, ескі техникалар қою, м а л б а й л а у ;
16. Тұрғын үйлердің қоршау дуалдарын, шарбақтарын күтімсіздікке келтіру;
17. Елді мекендерде тұрғын үйлерді, ғимараттарды және өзге де нысандарды бұзып алған меншік иелері аталған тұрғын үй, нысандар орындарын тазартпай, т е г і с т е м е й к е т у ;
18. Гидротехникалық объектілерді, бөгеттерді, дамбыларды бұзу, бүлдіру, аумағынан топырақ алу.